

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 2, Number 300 (2015), 287 – 291

**Effective use of interactive methods of teaching  
foreign languages in higher education****Akynova J.M.**  
akinova\_01@mail.ru

The Kazakh State women's Pedagogical University

**Key words.** Information technology, technique, training, foreign language.**Abstract.** This article is about the usage of the interactive methods in foreign language teaching in the higher educational institutions.**Шет тілін оқытуда интерактивті әдістерді қолдану арқылы  
студенттердің білім сапасын арттыру****Ақынова Ж.М.**  
akinova\_01@mail.ru

Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық университеті

**Тірек сөздер.** Ақпараттық технологиялар, әдіс, оқыту, шет тіл.**Түйіндеме.** Бұл баяндамада заманымыздың басты талабы болып отырған ақпараттық – технологиялардың, әсіресе интерактивті әдістің ЖОО-ғы шет тілін оқыту үрдісіндегі қолданылуы жайлы басты мәселелер айтылады.

XXI ғасырда білімнің құнды капиталына айналуын және қоғамының өзгерісіне сай оның сұранысын қанағаттандыратын білім беру қажеттілігін «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.» атты жолдауында Елбасы Н.Ә.Назарбаев ерекше атап көрсетті. «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар».

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі парадигмасы білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды студенттің жеке тұлғасына бағытталу, ал оқыту әдістерін тұлға аралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, студент білімді дайын күйінде оқытушы түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық "жаңалық" ашуы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде студенттің дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек. Біздің ел дамудың демократиялық жолын таңдауына байланысты, бүгінгі таңда қоғамды шешім қабылдауға тартудың маңызы арта түсті. Осы бағытта студенттердің белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер интерактивті деп аталып жүр. Бұл әдістерді қолдану сырттай өте жеңіл көрінгенімен, өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар.

«Интерактив» сөзі ағылшынның «interact» сөзінен шыққан. «Inter»-бұл өзара, «act»-әрекеттесу деген мағынаны білдіреді. Демек, интерактивті оқыту әдістері тұлға аралық қарым – қатынасқа негізделіп отырып, "жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын" қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғы шарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады. Интерактивті сөзі бұл бір нәрсені (мысалы, компьютермен немесе біреумен, адаммен әңгімелесу) диалог түрінде өзара әрекет етуге қабілеттілік дегенді білдіреді. Сонымен, интерактивтік әдіс - бұл ең алдымен оқытушы мен студенттердің өзара әрекеті жүзеге асырылатын диалогтық оқыту, танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың арнайы формасы. Оның өзінің нақты және болжаған мақсаттары болады. Оның мақсаттарының бірі -оқыту үрдісін жемісті ететін студенттердің өзінің интеллектуалдық деңгейін, табыстылығын сезінуге және оқытуда жағымды жағдай жасау.

Оқу процесіндегі өзара әсердің жаңа мазмұнын бере алатын анықтаманы іздестіру барысында интерактивті оқыту әдісі термині пайда болды. Бұл шын мәнінде педагогикалық қарым – қатынастың мәнін, мазмұнын мен құрылымын, оңтайландыруға қабілетті екендігін көрсетті. Интерактивтілік ұғымы «символикалық интеракционизм» (Г.Блоуберг, Дж.Г.Мид, Р.Сирс, т.б.), яғни адамдар арасындағы қарым – қатынасты үздіксіз сұхбат (диалог) ретінде қарастыру деген сөз. Мұндай тікелей диалог бүгінгі күні ерекше мәнге ие болып отыр. Көптеген негізгі әдістемелік инновациялар.

«Интерактивтің» негізгі ерекшеліктері қандай? Мысалы, сондай мақсаттардың бірі – студент өзінің жетістігін, интеллектуалдық қабілетін көрсете алатындай жағдай тудыру болып табылады және бұл оқыту процесінің нәтижелі болуына әсер етеді. Оқу процесіндегі интерактивтік әрекет диалогтың қарым – қатынасты ұйымдастыруды және дамытуды көздейді. Өзара түсінісу, өзара әсерге бірлесіп шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Диалогтық оқыту нәтижесінде сыни ойлауға, күрделі мәселелерді талдау негізінде шешуге, балама пікірлер айтуға, дискуссияға қатынасуға, басқа адамдармен қарым – қатынас жасауға үйренеді. Бұл үшін сабақ кезінде жеке, жұптық және топтық жұмыстар ұйымдастырылады, зерттеу жобалары, рольдік ойындар қолданылады, әртүрлі құжаттар мен ақпарат көздері мен шығармашылық жұмыстар жүргізіледі.

Интерактивті оқытудың мәні оқыту үрдісін барлық студенттер таным үрдісіне тартылып, өздері білетін және ойлайтын нәрселерін қайта қарауға, түсінуге мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастыру.

Интерактивті әдісте, оқытушы ұйымдастырушы, бақылаушы деңгейінде ғана көрінеді де, студент белсенділігі арта түседі. Интеракция кезінде студент жұмысқа тікелей қатысқанымен, ол өз мүмкіндігін шектеп, онда студенттің белсенді болуына жағдай туғызуы қажет. Дәлірек айтқанда, өзге тілді үйренуде маңызды болып табылатын студент пен студенттің арасында болатын интеракция кезіндегі әрекет жүйесін бес сатыға бөлуге болады: мақсат қою, жұмысты жоспарлау, тапсырманы бөлу, студенттер әрекетін бақылау, бағалау.

Ал интерактивті оқытудың мақсаты-оқу процесінің барлық сатысында бірлескен әрекетке жағдай жасау. Әр студентті жеке тапсырмамен жұмыс істете отырып, топ мүддесін ойлауға үйрету. Әрқайсысын өз міндетін жауапкершілікпен атқаруға жетелеп, ортақ нәтижеге қол жеткізуге ұмтылдыру. Интерактивті оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде студенттердің өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтаумен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Дегенмен, интерактивті оқыту қажетті ақпараттарды игеруге уақытты көбірек бөлуді, бағалауда жаңа, күрделі өлшемдерді қолдануды қажет етеді және студенттердің танымдық іс – әрекетін басқаруда тәжірибесі аз оқытушыларға көптеген қиындықтар туғызады.

Интерактивті әдістің тағы бір ерекшелігі студенттердің белсенділігі оқытушының белсенділігімен сәйкестігінде сонымен қатар студент пен оқытушының тұрақты өзара іс әрекетінде. Интерактивті әдістерді қолдануда студенттерді сапалы дайындықпен қамтамасыз ету оқу процесінің нәтижелігіне тікелей байланысты. Басты тапсырма студенттерге берілген білімнің бағасында емес ол тапсырманы орындаудағы іс – әрекетінде. Интерактивті әдістерді шет тілін оқыту барысында қолданудың басты құрылымы мынада: сабақ басталысымен студенттерге

белгілі бір тақырыпты беру және осы тақырыптың әрі қарай дамуына септігін тигізетін іс – әрекеттерді уақытылы жинақтай білу.

Интерактивті әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалды, рухани бірігуі.

Қытайдың бір нақыл сөзінде: «Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін» делінген. Сонымен қатар, «Қарасам – көремін, тындасам – естимін, ал әрекет жасасам - білемін» деген қағида педагогикалық қауым ортасында жиі айтылуда. Бұл мақал жаңа педагогикалық технологияларға көшудің қажеттілігін анықтайтын ой түрткі іспетті. Ғылыми деректерге сүйенсек, К.К.Плотонованың зерттеулері төмендегідей көрініс береді:

Есту арқылы – он, көру арқылы – отыз, қарапайым әрекет арқылы – елу, ал белсенді әрекет арқылы – тоқсан пайыз есте сақтау пәрменділігін көрсетеді. Осы сөздерден шет тілін оқытуда интерактивті әдістің мәні өз көрінісін табады.

Интерактивті әдістерді шет тілі сабағында пайдалану кезінде студенттер түсіну процесіне толық қанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ студентті өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интерактивті оқытуда оқытушы мен студенттің өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі студенттің белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың инициативасы үшін жағдай жасаушы болады.

Педагог өзі арқылы оқу ақпаратын жіберетін, өзіне тән фильтр рөлінен бас тартады, және жұмыста ақпарат көздерінің біреуінен көмекші рөлін атқарады. Интерактивті оқыту интенсивті оқытуда да кеңінен қолданылады. Бұл әдістерді игеру және қолдану үшін, оқытушыға топтық өзара әрекеттердің әр түрлі әдістемелерін білу қажет. Интерактивті оқыту өзара түсінікті, өзара әрекеттестікті, өзара байытуды қамтамасыз етеді. Интерактивті әдістер ешқандай жағдайда да дәрістік материалдардың орнын ауыстырмайды, бірақ оны жақсы меңгеруге септігін тигізеді, және ең маңыздысы: пікірді, қатынастарды, мінез-құлық машығын қалыптастырады.

Интерактивті оқыту әдістеріне білім алу және оны дамыту процесіне белсенді ат салысуға тарту жатады:

«Ми штурмы» (шабуыл), шағын-лекциялар, топтардағы жұмыс, бақылау парағы немесе сынақ, рөлдік ойын, ойын жаттығулары, жобаны әзірлеу, жағдайлық тапсырмаларды шешу, сапаршыны (визитерді) шақыру, сарапшы топтарының пікір сайыстары, сұхбаттар, сахналау, сюжеттік суреттерді талқылау, сұрақ – Квиз (бақылау) және т. б. Интерактивті әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды пайдалана отырып: тақта, кітаптар, бейне материалдар, слайдылар, флипчарттар, постерлер, компьютерлер және т.т. таныстырулар жатады.

Сонымен қатар, оқу процесіне топтық пікірсайыстар, жазбаша мазмұндамалар және шығармалар, сұхбаттар, жастарды «тең – теңімен» қағидаты бойынша құрдастарымен жұмыс істеуге оқыту, бейнефильмдер мен бейнесюжеттерді қарап шығып талқылау, әртүрлі науқандар мен акцияларды өткізу.

Жалпы шетел тілі сабағында қолданылып жүрген рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, пікір талас, студенттердің баяндамалары мен ақпараттық хабарлары, дәріс-диалог, тренинг, дөңгелек үстелдер, ұжымдық – таныдық оқу, иммитация әдістері осы жоғары белсенділікті дамыту әдісінің интерактивті әдіс белгілері болып табылады. Сабақты ұйымдастырудың топтық-үлестірме түрлерін қолдану арқылы іс-әрекетті талқылау, қарама-қарсы қайшылықты мәліметтер беру арқылы пікір таласын тудыру студенттердің тілге деген ықыласын, ынтасын арттырады.

Интерактивті оқыту процесінде студенттерді бірігіп белгілі бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетке өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл әдіс студенттерді жұп болып, бірігіп жұмыс жасауға, жұмыс жасай отырып, өзгелерге көмек көрсетуге үйретеді. Сонымен қатар бұл ұғым тәсіл ретінде төмендегідей талаптарға сай келеді:

- Ақпаратты терең игереді, өйткені оны ой елегіне өткізеді.

- Оқушы өзін-өзі еркін және ыңғайлы сезінетін өрісті қалыптастырады, тілді оқып үйрену ниетін арттырады.

- Оқушының жеке тұлғасына тікелей әсер етіп, танымдық, шығармашылық қабілетін оятады.  
- Топ студенттерімен жасалатын жұмысты түрлі формада (жұптық, топтық, ұжымдық) өткізуді қамтамасыз етеді.

- Ойлауды белсендіреді.

- Ынтымақтастықпен әрекет етуге үйретеді.

- Тыңдау дағдысын қалыптастырып, өзгені тыңдай алады.

Әрине мұндай тәсілді қолдануда кездесетін қиындықтар да жоқ емес. Себебі әр студенттің ойлау қабілеті, жылдамдығы, білім деңгейі, ақпаратты меңгеруі бірдей жағдайда емес. Осыдан келіп студенттердің алдында шынайы және психологиялық қиындықтар туындайды.

Шынайы қиындық:

- берілген тапсырма дұрыс ұйымдастырылмаған жағдайда.

- жүріп жатқан әңгіме студентке қызық емес болса.

- әңгімені тыңдамағандықтан сөйлей алмаған жағдайда туындайды.

Ал психологиялық қиындық шынайы қиындыққа қарағанда жиірек кездеседі. Студент мұндай жағдайда көбінесе үнсіз қалады.

Яғни:

- студент өз ойын білдіру үшін көмекші сөздерді, тілдік құралды таба алмағандықтан үндемейді.

- оқытушы мен топ алдында сөйлеуге қысылғандықтан үндемейді.

- өз білім дәрежесінің төмен екендігін көрсеткісі келмегендіктен үндемейді.

Мұндай жағдайда студентті сөйлеу үшін оған қысым көрсетпей, оған сөйлеу үшін ыңғайлы, қолайлы мүмкіндік туғызылуы керек, студентті өз әрекетерін тыңдай білуге үйрету керек. Оқытушы алдымен студенттерді сөйлеуге үйретуде, соның ішінде тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге ұмтылуын, студенттерге өз іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру үшін оған сай ниетін оятып әрі оқу атмосферасын орната білуі керек. Ал мұндай атмосфераның орнауына Н.В.Гавриленконың төмендегі пікірлерімен толықтай келісуімізге тура келеді.

Біріншіден, шет тілін оқытуда интерактивтік тәсілді қолдану кезінде қойылатын талаптың, жасалатын жұмыстың оқу процесіне сай болуы керек. Талап тым жоғары болса, оқуға деген қызығушылық жойылады, ал төмен болса, жалығуға әкеліп соқтырады.

Екіншіден, жұмыс түрлері, онда қолданылатын оқу құралдары, жаттығулар студенттердің білім деңгейіне, жас ерекшеліктеріне сай болуы керек.

Үшіншіден, студенттер жіберген қателерін оқытушы көмегімен өздері табуы керек.

Студенттер әр түрлі болады. Олардың бірі оқытушының айтқанын жылдам ұғып алады, енді біріне материалды ұғу үшін қосымша түсіндірмелер мен мысалдар қажет болады. Мұндай студенттер нақты нені түсінгенін ұғына алмай сұрақ қоюға жасқанады. Осындай жағдай студенттерді топқа немесе жұпқа біріктіріп, оларға ортақ тапсырма беріп, ол тапсырманы орындау барысында әрбір студентке жеке рөлдер мен міндеттер атқаруды талап етсе, онда әр студенттің өз жұмысына жауапты болып, жалпы жұмыс нәтижесінде қол жеткізуге ұмтылатын жағдаят пайда болады. Сондықтан да білімі төмен студент үлгерімі жоғары студенттерден өзіне түсініксіз болған жерді сұрап, ал үлгерімі жақсы студенттер топтың жеңіп шығуын ойлап, барлық студенттердің, әсіресе білімі төмен студенттердің нәтижелі жұмыс істеуін көздейді. Осылайша студенттер қиындықтың алдын алады.

Интерактивті тәсіл, әсіресе сабақты пысықтап, қорытындылауға бірден-бір көмегін тигізетін тәсілдердің бірі. Сонымен қатар интерактивті әдіс арқылы студенттер өз білімін өздері бағалайды да олар алған білім, білік дағдылары бойынша бағаланады. Әсіресе өзін - өзі бақылау, топтық өзара бақылау кезеңдері сабақты бекітуге біршама септігін тигізеді.

Интерактивті әдіс-тәсілдерді жиі пайдалану, шет тілі сабағында оның мүмкіндіктерін түрлендіріп отыру – педагогтар қауымының басты міндеті.

Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді оқытушы ізденісі арқылы студент қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктелініп, қолданынады. Тиімді, пайдалыларын жетілдіре түседі. Көрнекті педагог В.А.Сухомлинский «Сабақ жас өспірімдердің интеллектуалды өміріне құр ғана сабақ болып қоймас үшін, ол қызықты болуы шарт. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жас өспірімдер үшін рухани өмірдің тілеген ошағына, мұғалім осы ошақтың

құрметті иесі мен сақтаушысына айналады» деп айтқан. Өйткені жай ғана сабақ құнарсыз тағам секілді адам бойына жұқпайды. Қызықты сабақтар оқытушының ашқан жаңалығы, өзіндік қол таңбасы, әдістемелік ізденісі, қолданған әдіс-тәсілдері арқылы ерекшеленіп, шәкірт жүрегінен орын алады.

Ж.Аймауытовтың пікірінше «Оқыту – білім көбейту, ақыл күшейту». Бұл барлық пәндерді оқытуда еске ұстайтын қағида. Оқыту барысында студенттердің өмір дағдылары жөніндегі түсінігі қалыптасып, айналадағы өзін қоршаған орта жөнінде білімі кеңейіп, біртіндеп тұжырымдалып, реттелген сипатқа ие болады.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға студенттің білім білік дағдыларын емес, оның тұлға ретінде дамуын қояды. Бүгінгі таңда ұстаздардан талап етіліп отырған үрдіс ол жаңа оқыту технологиялары негізінде инновациялық іс-әрекет атқару.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Әбиев Ж. Жаңа адамды қалыптастыру. Алматы, 1988.
- [2] Богомолова Л. И. Сравнительный анализ двух педагогических технологий 20-х годов // История педагогической технологии / Под ред. М.Г. Плюхова, Ф.А. Фрадкина. — М., 1992.
- [3] Богуславский М.В., Корнетов Г.Б. О педагогических парадигмах // Магистр. 1992. № 5.
- [4] Беспалько В. П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. — М., 1995.
- [5] Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. Алматы, Білім. 2001.
- [6] Селевко Г. К. Современные образовательные технологии. — М.: Народное образование, 1998.
- [7] Ильина Т.А. Развитие концепций педагогической технологии
- [8] Попков В.А., Коржув А.В. Дидактика высшей школы М., 2001
- [9] Педагогика профессионального образования. Под редакцией В.А. Сластенина М., 2004.
- [10] Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану: оқу құралы. – Алматы, 2009.

#### REFERENCES

- [1] Әбиев Ж. Жаңа адамды қалыптастыру. Алматы, 1988.
- [2] Bogomolova L. I. Sravnitel'nyj analiz dvuh pedagogicheskikh tehnologij 20-h godov // Istorija pedagogicheskoi tehnologii / Pod red. M.G. Plohova, F.A. Fradkina. — M., 1992.
- [3] Boguslavskij M.V., Kornetov G.B. O pedagogicheskikh paradigmatih // Magistr. 1992. № 5.
- [4] Bepal'ko V. P. Pedagogika i progressivnye tehnologii obuchenija. — M., 1995.
- [5] Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. Алматы, Білім. 2001.
- [6] Selevko G. K. Sovremennye obrazovatel'nye tehnologii. — M.: Narodnoe obrazovanie, 1998.
- [7] Il'ina T.A. Razvitie koncepcij pedagogicheskoi tehnologii
- [8] Popkov V.A., Korzhuev A.V. Didaktika vysshej shkoly M., 2001
- [9] Pedagogika professional'nogo obrazovanija. Pod redakciej V.A. Slastenina M., 2004.
- [10] Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану: оқу құралы. – Алматы, 2009.

#### Эффективное использование интерактивной методики обучения иностранному языку в высших учебных заведениях

Ақынова Ж.М.

akinova\_01@mail.ru

Казахский Государственный женский педагогический университет

**Ключевые слова.** Информационные технологии, методика, обучение, иностранный язык.

**Аннотация.** В статье затрагиваются важнейшие проблемы современного мира в плане развития информационных технологий, а также эффективное использование интерактивной методики обучения иностранному языку в высших учебных заведениях.

Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университетінің 2 курс магистранты Ақынова Ж.М.

Поступила 19.02.2015 г.